

**«Altyn Bank» АҚ (China CITIC Bank Corporation Ltd. ЕБ)
клиенттері үшін
МАРКЕТИНГТІК АКЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Қағидалар банк қызметтерін тұтынуды ынталандыруға бағытталған «Бақытты төлем» маркетингтік акциясын (бұдан әрі – «Акция») өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.
- 1.2. Акция шеңберінде Банк «Бақытты төлем» маркетингтік белсенділік паспортына сәйкес өтініш/жүгіну негізінде акцияны өткізу кезеңінде Altyn-і сервисі арқылы кредит ресімдеген клиенттердің қарыздары бойынша берешекті өтеу есебіне ақша қаражатын аудару түрінде ақшалай сыйлықтар төлеуді жүзеге асырады.
- 1.3. Осы Акция лотерея, құмар ойын немесе лицензиялауға жататын өзге де қызмет болып табылмайды.
- 1.4. Акцияның жеңімпаздары осы Қағидаларда баяндалған өлшемдерге сәйкес айқындалатын болады.

II. ОСЫ ҚАҒИДАЛАРДЫҢ МӘТІНІНДЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕРДІҢ АНЫҚТАМАСЫ:

Маркетингтік акция – банк қызметін тұтынуды ынталандыруға бағытталған «Бақытты төлем» деп аталатын Банк өткізетін маркетингтік іс-шара.

Қағидалар – Маркетингтік акцияны өткізудің қағидалары;

Маркетингтік акцияның қатысушысы – осы Қағидалардың VII тарауында көрсетілген маркетингтік акцияның шарттарын орындаған жеке тұлға, Қазақстан Республикасының резиденті және Қазақстан Республикасының азаматы;

Жүлде – Акция шарттарында Altyn-і сервисінде кредит ресімдеген клиенттер арасында қарызды (негізгі борышты, есептелген сыйақыны қоса алғанда) ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеуге арналған ақшалай сома;

1. 500 000 теңге (бес жүз мың теңге) – 6 дана.
2. 400 000 теңге (төрт жүз мың теңге) – 6 дана.
3. 300 000 теңге (үш жүз мың теңге) – 6 дана.
4. 200 000 теңге (екі жүз мың теңге) – 6 дана.
5. 100 000 теңге (жүз мың теңге) – 6 дана.,

жалпы 9 000 000 (тоғыз миллион) теңге сомасында.

Жеңімпаз - Осы Қағидалардың тәртібімен және шарттарына сәйкес Жеңімпаз деп танылған маркетингтік акцияға қатысушы.

III. МАРКЕТИНГТІК АКЦИЯНЫ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢІ

- 3.1. Маркетингтік акцияны өткізу кезеңі - **01.06.2026 жылдан бастап 30.11.2026 жылға дейін** (қоса алғанда) (бұдан әрі – Маркетингтік акцияны өткізу кезеңі).
- 3.2. Маркетингтік акцияны өткізу орны: Қазақстан Республикасының аумағы.

№	Қарыз алу кезеңі	Жеңімпазды анықтау күні
1	1. Бірінші кезең (маусым): 01.06.2026-30.06.2026 Айдың жүлде қоры: 1 500 000 теңге сомасында (теңгемен номиналдар: 500 мың, 400 мың, 300 мың, 200 мың, 100 мың.).	10.07.2026 дейін
2	2. Екінші кезең (шілде): 01.06.2026-31.07.2026	10.08.2026 дейін.

	Айдың жүлде қоры: 1 500 000 теңге сомасында (теңгемен номиналдар: 500 мың, 400 мың, 300 мың, 200 мың, 100 мың.).	
3	3. Үшінші кезең (тамыз): 01.06.2026-31.08.2026 Айдың жүлде қоры: 1 500 000 теңге сомасында (теңгемен номиналдар: 500 мың, 400 мың, 300 мың, 200 мың, 100 мың.).	10.09.2026 дейін
4	4. Төртінші кезең (қыркүйек): 01.06.2026-30.09.2026 Айдың жүлде қоры: 1 500 000 теңге сомасында (теңгемен номиналдар: 500 мың, 400 мың, 300 мың, 200 мың, 100 мың.).	09.10.2026 дейін
5	5. Бесінші кезең (қазан): 01.06.2026-31.10.2026 Айдың жүлде қоры: 1 500 000 теңге сомасында (теңгемен номиналдар: 500 мың, 400 мың, 300 мың, 200 мың, 100 мың.).	10.11.2026 дейін
6	6. Алтыншы кезең (қараша): 01.06.2026-30.11.2026 Айдың жүлде қоры: 1 500 000 теңге сомасында (теңгемен номиналдар: 500 мың, 400 мың, 300 мың, 200 мың, 100 мың.).	10.12.2026 дейін

3.3. Банк кез келген уақытта жүлде қорын, маркетингтік акцияны өткізу мерзімдерін, шарттарын толықтыруға және/немесе өзгертуге, сондай-ақ өз қалауы бойынша маркетингтік акцияға қатысушыларды ҚР қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған тәсілмен хабардар ете отырып, маркетингтік акцияны өткізуді тұтастай немесе бір бөлігінде тоқтатуға, уақытша тоқтата тұруға, күшін жоюға құқылы болады. Елеулі өзгерістер туралы ақпарат тиісті өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде www.altynbank.kz веб-сайтында орналастырылады.

IV. МОТИВАЦИЯ

4.1. Қатысушылардың маркетингтік акцияға қызығушылығын арттыру үшін ынталандыру акция шарттарына сәйкес акция кезеңінде кредиттік өнімді ресімдеген клиенттердің қарызын ішінара мерзімінен бұрын немесе толық мерзімінен бұрын өтеу мақсатында қаражатты аудару үшін ақшалай сыйлық түріндегі жүлде қоры болады, ол тек қарызды ішінара мерзімінен бұрын немесе толық мерзімінен бұрын өтеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Бөлінген қаражат клиенттерге қолма-қол ақша түрінде берілмейді/бөлінбейді, тек қарыз алушының қарызын өтеуге ғана арналған.

V. МАРКЕТИНГТІК АКЦИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

5.1. Маркетингтік акцияның міндеттері мыналар:

- Altyn-i сервисінде ресімделген кредиттік өнімдерді сатуды ұлғайту;
- Altyn Bank туралы ақпаратты арттыру;
- Бөлшек блоктың клиенттік базасын ұлғайту.

VI. МАРКЕТИНГТІК АКЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ

6.1. Маркетингтік акцияның мақсаты:

- Акцияға қатысатын бөлшек өнімдер бойынша сатуды арттыру есебінен кепілсіз және кепілді қарыздар бойынша пайыздық кірісті ұлғайту.

VII. МАРКЕТИНГТІК АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

7.1. Акцияға қатысу үшін Банк клиенті маркетингтік акцияны өткізу кезеңінде Altyn-i сервисінде тіркеліп, кепілсіз және кепілді қарызды ресімдеуі қажет.

7.2. Акцияға келесі клиенттер қатысады: жеке тұлғалар (Қазақстан Республикасының резиденттері мен азаматтары).

7.3. Акцияға қатыса алмайтындар:

Акцияға келесілер қатыса алмайды:

- Банктің қызметкерлері;
- Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар деп танылған жеке тұлғалар;
- Акцияға қатысу кезінде 18 жасқа толмаған жеке тұлғалар;

- қарызды ресімдеу кезінде алаяқтық және (немесе) өзге де құқыққа қайшы әрекеттер белгілері анықталған клиенттер, сондай-ақ оларға қатысты осы факт бойынша тергеу не сот іс-шаралары жүргізіліп жатқан жеке тұлғалар,;

- кредиттік өнімдер: 7-20-25 мемлекеттік бағдарламасымен байланысты, автокредиттеу, кредиттік карталар.

Маркетингтік акцияға қатысу үшін Сізге келесілерді жасау қажет:

- Altyn-i сервисінде тіркелген клиент болу;

-7-20-25 мемлекеттік бағдарламасымен байланысты кредиттік өнімдерді қоспағанда, Altyn-i сервисінде кепілсіз және/немесе кепілді қарыз ресімдеу, автокредиттеу, кредиттік карталар.

- егер алынған қарыз сомасы (негізгі борыш пен сыйақыны қоса алғанда) өтеуге тиесілі ұтып алынған сомадан аз болған жағдайда, мұндай жағдайда өтелетін сома мен ұтыс сомасы арасында туындауы мүмкін айырманы бермей/өтемей, қарызды толық өтеу жүзеге асырылады.

7.4. Акция Жеңімпазы жеңімпаздарды анықтаудың келесі кезеңдеріне қатысудан шығарылады. Банктің қалауы бойынша бір ғана қарыз өтеледі.

7.5. Ерекше шарттар: кепілсіз және / немесе кепілді қарыз маркетингтік акцияны өткізу кезеңінде ресімделеді, жеңімпазды айқындау жөніндегі іс-шараны өткізу сәтінде өзекті, мерзімі кешіктірілмеген, толық өтелмеген болуы тиіс.

Қарызды ресімдеу кезінде алаяқтық және (немесе) өзге де құқыққа қайшы әрекеттер белгілері анықталған клиенттер, сондай-ақ оларға қатысты осы факт бойынша тергеу не сот іс-шаралары жүргізілетін клиенттер акцияға қатысуға жіберілмейді.

Акцияға қарыз алушының бір ғана қарызы қатысады.

Жеңімпаздың өтініші бойынша Altyn-i сервисіндегі жеке кабинетте ішінара мерзімінен бұрын өтеуге жүгіну арқылы қарыз алушы клиенттің өтеу кестесіне (негізгі борыш пен сыйақы) сәйкес ай сайынғы төлем өтелгеннен кейін ғана жүзеге асырылады, бұл ретте ішінара мерзімінен бұрын өтеу кезінде өтеу кезектілігі сақталады, бастапқыда нақты күндер үшін есептелген сыйақы және одан кейін негізгі қарыз төленеді.

VIII. МАРКЕТИНГТІК АКЦИЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ.

8.1. Жүлде қорын Банк қамтамасыз етеді, маркетингтік акция шеңберінде жүлде ретінде келесі жүлделер берілетін болады:

№	Жүлделер	Номинал (теңге)	Саны (дана)	Жалпы сома (теңге)
1	Қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеуге арналған сома	500 000	6	3 000 000
2	Қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеуге арналған сома	400 000	6	2 400 000
3	Қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеуге арналған сома	300 000	6	1 800 000
4	Қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеуге арналған сома	200 000	6	1 200 000
5	Қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеуге арналған сома	100 000	6	600 000
	БАРЛЫҒЫ:		30	9 000 000

8.2. Жүлде айырбастауға және қайтаруға жатпайды.

- 8.3. Жүлдені беруді материалдық баламамен немесе басқа игілікпен ауыстыруға жол берілмейді.
- 8.4. Жүлдені алу құқығын Жеңімпаз басқа тұлғаға бере алмайды.
- 8.5. Жұлделер саны шектеулі.
- 8.6. Банк Жүлде қорының жалпы санын ұлғайту немесе азайту немесе маркетингтік акцияға осы Қағидаларда көзделмеген қосымша Жұлделерді қосу құқығын өзіне қалдырады. Егер мұндай өзгерістер орын алса, Банк олар туралы осы Қағидалардың ІХ тарауында көзделген тәртіппен хабарлайды.
- 8.7. Жеңімпаз алған Жұлделер үшін туындайтын барлық салықтарды Банк төлейді.

ІХ. МАРКЕТИНГТІК АКЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ОНЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

- 9.1. Маркетингтік акцияға қатысушыларды маркетингтік акцияның тәртібі мен шарттары туралы хабардар ету маркетингтік акция туралы ақпаратты www.altynbank.kz веб-сайтында орналастыру арқылы және Банктің әлеуметтік желілеріндегі жарияланымдармен жүзеге асырылады.
- 9.2. Банк осы Қағидаларға өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Акцияны өткізу кезеңі жалғасқан жағдайда немесе Қағидалардағы басқа да өзгерістер кезінде Банк мұндай өзгерістерді тиісті өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банктің www.altynbank.kz веб-сайтында жариялайды.

X. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 10.1. Жеңімпазды анықтау кездейсоқ сандар генераторының www.randomus.ru веб-сайтында кездейсоқ іріктеу арқылы жүзеге асырылады, Банктің ресми парақшасында, Instagram әлеуметтік желісінде тікелей эфирде, Банк қызметкерлерінің қатарынан комиссияның қатысуымен және Жеңімпазды/Жеңімпаздарды анықтау жөніндегі іс-шараны өткізу хаттамасына кейіннен қол қою арқылы өткізіледі, №2 қосымша.
- 10.2. Акция қорытындысы бойынша негізгі Жеңімпаздан басқа, егер Банк негізгі Жеңімпазға акцияның негізгі Жеңімпазы айқындалған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде (Жеңімпаздың телефон нөмірін теру үш рет жүргізіледі) негізгі Жеңімпазға хабарласа алмаған жағдайда, 2 (екі) резервтік Жеңімпаз айқындалады. Банктің Жеңімпазбен телефон арқылы байланыса алмағаны фактісін растау Комиссия мүшелерінің қатысуымен Жеңімпаздарға қоңырау шалуды жүзеге асыру сәтінде Банктің жауапты қызметкерлері жүргізген бейнежазба болады.

XI. ЖҮЛДЕЛЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ

- 11.1. Жеңімпаз анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде (осы Қағидалардың 10.1-тармағы) Банк (Банктің жауапты қызметкері) Жеңімпазға оның Жүлдені алу құқығы және Altyn-i сервисінің жеке кабинетінде қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеуге өтініш/жүгіну жасау туралы хабардар етеді. Жеңімпаз жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуы және осы Қағидаларға №1 қосымшаға сәйкес банктік құпияны және Клиенттің дербес деректері туралы ақпаратты ашуға өтініш-келісімге қол қоюы тиіс.
- 11.2. Егер Банк (Банктің жауапты қызметкері) осы Қағидалардың 9.2-тармағында көрсетілген себептер бойынша негізгі Жеңімпазбен уақытылы байланыса алмаса, Банк (Банктің жауапты қызметкері) Қағидалардың 10.2-тармағына сәйкес айқындалған Жеңімпаздар тізіміне сәйкес 1 (бір) жұмыс күні ішінде резервтік Жеңімпазбен байланысады және Жүлдені алу құқығы резервтік Жеңімпазға өтеді.
- 11.3. Банк банкке тәуелді емес кез келген себептер бойынша, оның ішінде егер маркетингтік акция Жеңімпазының жеке сәйкестендіру нөмірі, байланыс мекенжайы, аты және /немесе тегі, телефон нөмірі немесе басқа да деректемелері мен байланыс деректері дұрыс көрсетілмеген және/немесе клиенттің карточкасында өзгертілген

жағдайда Жеңімпаздың Жүлдені ала алмау мүмкіндігі үшін жауап бермейді. Бұл ретте мұндай Жеңімпаздардың Банктен қандай да бір өтемақы алуға құқығы болмайды.

11.4. Жеңімпаздың банктік құпияны ашуға өтініш-келісімге, клиенттің дербес деректерінің меншігі туралы ақпаратқа, қарызды ішінара мерзімінен бұрын немесе толық өтеуге өтініш/жүгінуге қол қоюдан, осы Қағидалардың 10.6-тармағына сәйкес Жүлденің Жеңімпазға/Алушыға берілгенін растайтын құжатқа қол қоюдан бас тартуын, Жеңімпаздың жеке басын куәландыратын құжатты ұсынбауын Банк Жеңімпаздың өзі жауап бермейтін Жүлдеден бас тартуы ретінде қарайтын болады.

11.5. Ұтыс құқығы ұтыс сомасына қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеу сомасы есептелген сәттен бастап Жеңімпазға өтеді. Осы сәттен бастап Банк Жүлдені жоғалтуға, оны иеленуге және билік етуге байланысты тәуекел үшін жауап бермейді.

11.6. Жүлдені Жеңімпазға/Жүлде алушыға беру Банктің жауапты қызметкерінің және жүлденің Жеңімпазы/Алушының тиісті құжаттарға қол қоюымен расталады.

11.7. Жұмыс тәртібі. Бөлшек бизнес департаменті есепті кезеңдегі жеңімпаздар тізімін анықтағаннан кейін сәйкестендіру деректері мен ұтыс сомасы көрсетілген клиенттердің тізімін, автоматтандырылған банктік ақпараттық жүйеде анықтамалар жасауға арналған тізімдік өкімді және клиенттің (клиенттің ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеуге өтініші ретінде бағаланады) Altyn-i сервисіндегі Жеке кабинет арқылы Операциялық Департаменттің Бөлшек кредиттік әкімшілендіру басқармасына осы тізімдік өкімге сәйкес тиісті соманы кейіннен есептеу үшін жүгінуін ұсынады.

XII. БАСҚА ШАРТТАР

12.1. Егер қандай да бір себептермен осы маркетингтік акцияның кез келген аспектісі жоспарланғандай, оның ішінде компьютерлік вирустарды жұқтырудан, Интернет желісіндегі ақаулардан, кемшіліктерден, манипуляциялардан, санкцияланбаған араласудан, бұрмаланудан, техникалық ақаулардан және кез-келген басқа себептерден туындаған және Банктің бақылауынан тыс маркетингтік акцияның орындалуын, қауіпсіздігін, адалдығын, тұтастығын немесе дұрыс жүргізілуін бұрмалайтын басқа себептерді қоса алғанда тиіст жүргізілмесе, Банк өз қалауы бойынша маркетингтік акцияны жоюды, тоқтатуды, өзгерту немесе уақытша тоқтата тұруды таңдай алады.

12.2. Сыйлықтар маркетингтік акцияның Жеңімпаздарына осы Қағидаларға сәйкес қана беріледі. Маркетингтік акцияны өткізуге және Жүлдені алуға байланысты даулар туындаған жағдайда Банктің шешімі түпкілікті болып табылады.